

различных инициирующих систем // Изв. АН СССР. Сер. хим. –1973. – №6.– С. 1354-1357.

8.Freidlina R.Kh., Velichko F.K. synthetic applications of hemolytic addition and telomerization reactions of bromine-containing addends with unsaturated compounds containing electron-with-drawing substituents // Synthesis. – 1977. – №3. – Р. 145-154.

9.Величко Ф.К., Амриев Р.А., Фрейдлина Р.Х. Гомолитическое присоединение дихлормалонового эфира к метилакрилату // Изв. АН СССР. Сер. хим. –1977. – №6 – С. 1455-1456.

Түйіндеме

Бұл жұмыста темір пентакарбонилі - диметилформамид жүйесінің қатысуында жүретін диметилдихлормалонаттың этилен, винилхлорид және метилакрилаттен радикалды реакциялары талдан қорытылған. Бұл реакциялардың маңызды полифункционалды хлорлы қосылыстарды түзетіндігі көрсетілген.

Resume

In this article are generalized radical reactions of dimethyl dichloromalonate with ethylene, vynilchloride and methylacrilate in whitness of system pentacarbonil of ferric +dimethylformamid. It is shown that these reactions bring about formation important polyfunctional chloral-containing joins.

ӘОЖ 547-326:542.9

АКРИЛ ЖҮЙЕЛЕРІНІҢ МЕТИЛДИБРОМАЦЕТАТ ПЕН МЕТИЛ – А,А – ДИБРОМПРОПИОНАТТЫ РАДИКАЛДЫ ҚОСЫП АЛУЫ

P.Ә. Әміреев, А.Д. Сатыбалдин

C. Торайғыров ат. Павлодар мемлекеттік университеті

Радикалды қосып алу реакцияларында қанықлаған қосылыстардың электрофилді аддендермен әрекеттесуге қабілеттілігінә қос байланыстың жаңындағы орынбасушы едәуір ықпал тигізеді [1]. Алкендердің молекулаларында қос байланыстың жаңындағы көміртек атомы полярлы орынбасушымен байланысқан болса олардың алкил радикалдарымен әрекеттесу қабілеттілігінә елеулі әсерін тигізеді [2]. Соңғы жылдары қос байланыстың жаңында электрондонорлы орынбасушысы бар қанықлаған


қосылыстардың электрофилді галогенді аддендерді радикалды қосып алу реакциялары бойынша көптеген зерттеулер жүргізілген. Ал қос байланыстың жаңында электронакцепторлы орынбасушысы бар қанықпаған қосылыстардың құрамында галоген атомдары бар электрофилді аддендерді радикалды қосып алу реакциялары салыстырмалы аз зерттелген. Бұл қос байланыстың жаңындағы электрондонорлы орынбасушының қос байланыстың электрофилді аддендең өрекеттесу қабілеттілігін күштейтіндігіне, ал электронакцепторлы орынбасушының қос байланыстың реакцияласуға қабілеттілігін азайтуна байланысты болуы мүмкін.

Кәдімгі радикалтүзуші заттар – пероксидтер мен азоқосылыстардың этилен және электрондонорлы орынбасушылармен белсендірілген қанықпаған қосылыстардың әртүрлі галогенді аддендерді босрадикалды қосып алуын тиімді инициирайтіндігі белгілі [3].


Электрофилді қанықпаған қосылыстар – метилакрилат пен метилметакрилаттың үш – бутилпероксид немесе бензоилпероксидтің қатысуында метилдибромацетат пен метил – α,α – дибромпропионатты қосып алуы іс жүзінде қын жүреді және реакциялардың өнімдері ете аз молшерде түзіледі. Ал инициаторлар ретінде темірдің пентакарбонилін $Fe(CO)_5$, немесе $FeCl_3$, пайдаланғанда бұл реакциялар жақсы жүреді және жеткілікті молшерде өнімдер түзіледі [4,5]. Метилдибромацетаттың метилакрилат және метилметакрилатпен реакциясы құрамында темірдің қосылыстары бар әртүрлі тотығу – тотықсыздану жүйелерінің жәрдемімен де жүргізіледі [6].

Метилдибромацетат пен метил – α,α – дибромпропионаттың акрил жүйелерімен (метилакрилат, метилметакрилат) реакциялары темір пентакарбонилі немесе темір (III) хлоридінің қатысуында зерттелді. Метилдибромацетат пен метил – α,α – дибромпропионатты $Fe(CO)_5$ немесе $FeCl_3$ қатысуында метилакрилат және метилметакрилаттың қосып алуы нәтижесінде тек лактон түзіледі. Мұнда лактоңдар 150° температурада темір қосылыстарының әсерімен сәйкес аддуктардан түзілуі мүмкін.


Метилакрилаттың $Fe(CO)_5$ немесе $FeCl_3$ қатысуында метилдибромацетатпен реакциясының нәтижесінде тек лактон – α – бром – γ – карбметоксибутиrolактон (1) түзіледі.



Осы жағдайларда метилдибромацетаттың метилметакрилатпен реакциясында түзілген аддукт α – бром – γ – метил – γ –карбметоксибутир олактонға (2) айналады.




Темірдің қосылыстары қатысуында акрил жүйелерімен әрекеттесуге қабілеттілігін зерттеу мақсатында метил – α,α – дибромпропионат $CH_3CBr_2COOCH_3$ пайдаланылды. Аталған қосылыстың да метилакрилат және метилметакрилатпен темірдің қосылыстары қатысуында реакциялары нәтижесінде тек лактон түзілетіндігі анықталды. Метил – α,α – дибромпропионаттың $Fe(CO)_5$ немесе $FeCl_3$ қатысуында метилакрилатпен реакциясы лактонды (2) түзеді.



Олай болса лактон (2) метилдибромацетаттың метилметакрилатпен және метил – α,α – дибромпропионаттың метилакрилатпен $Fe(CO)_5$ немесе $FeCl_3$ қатысуында реакциялары нәтижесінде түзіледі еken. Бұл жағдай осы лактонның (2) құрылышын анықтауга мүмкіншілік береді. Реакция барысында түзілген аддуктыңциклді қосылысқа – лактонға айналуы ондағы үшіншілік көміртегі жаңындағы бром атомының және ол көміртегі атомына γ – орында орналасқан көміртегімен байланысқан карбметоксидегі CH_3 – тобының бөлініп кетуі есебінен болуы мүмкін. Күрделі эфирлік топқа α – орында бром

және метил тобы болатын аддуктың оңай лактонға яғни циклді қосылысқа айналатындығын болжап айтуга болады.

$\text{Fe}(\text{CO})_5$ немесе FeCl_3 инициаторларының қатысында метил – α,α – дигромпропионаттың метилметакрилатпен реакциясы нәтижесінде де тек лактон – α – бром – α,γ – диметил – γ – карбометоксибутиrolактон (3) түзіледі.



Бұл реакцияда тек лактонның (3) түзілуін кұрамында үшіншілік көміртегі жанында екі бром атомы бар аддуктың лактонға оңай айналатындығымен түсіндіруге болады.

Зергтеу нәтижелері көрсеткендей бұл реакцияларда түзілетін лактондардың шығымы $\text{Fe}(\text{CO})_5$ немесе FeCl_3 инициаторларының реакцияны жүргізуге алғынан мөлшеріне байланысты. Түзілетін лактондардың шығымы бұл инициаторларды 3 – 4 мол% – тік мөлшерде алғанда жоғары болады. Метилдигромацетаттың метилакрилат және метилметакрилатпен, метил – α,α – дигромпропионаттың метилакрилатпен реакцияларында лактон салыстырмалы аз мөлшерде түзіледі (20 – 25 %). Бұл жағдайда метил – α,α – дигромпропионаттың метилметакрилатпен реакциясында радикалын метилметакрилаттың қосыпалу сатысында кеністік қыншылығы болатындығымен түсіндіруге болады.

Талқыланып отырған реакцияларда темір пентакарбонилі мен темір (III) хлоридінің инициатор ретінде тиімділігі реакцияны жүргізу температурасына байланысты екендігі анықталды. 70° температурада FeCl_3 қатысында метилдигромацетаттың метилакрилат және метилметакрилатпен реакциясы жүрмейді. Бұл жағдайда темір (III) хлориді $\text{CH}_3\text{BrCOOCH}_3$ радикалын түзбеуі мүмкін. Жалпы алғанда қосыпалу реакцияларында $\text{Fe}(\text{CO})_5$ пен FeCl_3 тиімділігі жөнінен айырмашылығы тек 70° температурадаған болуы мүмкін. Бұл температурада $\text{Fe}(\text{CO})_5$ темір (III) хлоридіне қарағанда тиімді инициатор болып табылады. Ал бұдан жоғары температурада (мысалы 150°) жоғарыда көрсетілген реакцияларда $\text{Fe}(\text{CO})_5$ пен FeCl_3 инициирлеуші әсері жөнінен елеулі айырмашылығы жоқ дәүте болады.

Сонымен акрил жүйелерінің метилдібромацетат пен метил – α,α – дібромпропионатты радикалды қосыпталу реакцияларында темірдің пентакарбонилі мен темір (III) хлориді тиімді инициаторлар болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Кедоген Д.Ж., Перкинс М. Реакции алкенов с радикалами и карбенами. В кн. "Химия алкенов" // Л.: Химия. – 1969. – 755 с.
2. Нонхібел Д., Уолтон Дж. Химия свободных радикалов // М.: Мир. – 1977. – 606 с.
3. Уоллинг Ч., Хойзер Э. Свободнорадикальные реакции присоединения к олефинам с образованием углерод – углеродных связей. В сб. "Органические реакции", Т.13 // М.: Мир. – 1966. – 490 с.
4. Фрейдлина Р.Х., Величко Ф. К., Амриев Р.А. Присоединение метилдібромацетата к метилакрилату в присутствии соединений железа и перекисных инициаторов в различных растворителях // Докл. АН СССР. – 1969. – Т.187, №2. – С. 350–353.
5. Амриев Р.А., Величко Ф.К., Фрейдлина Р.Х. Присоединение эфиров α,α – дібромкарбоновых кислот к акриловым системам в присутствии соединений железа // Изв. АН СССР. Сер. хим. – 1970. – №5. – С. 1172 – 1174.
6. Величко Ф.К., Амриев Р.А. Присоединение метилдібром – и метилтрибромацетата к акриловым соединениям в присутствии различных инициирующих систем // Изв. АН СССР. Сер. хим. – 1973. – №3. – С. 592–595.

Резюме

В работе обобщены материалы по радикальному присоединению метилдібромацетата и метил – α,α – дібромпропионата к метилакрилату и метилметакрилату и показано, что эти реакции в присутствии $Fe(CO)_5$ или $FeCl_3$ приводят к образованию лактонов.

Resume

In this research materials about radical addition of methyldibromacetate and methyl – α,α – dibrompropionate to methylacrylate and methylmetacrylate are generalized, and it shows that these reactions in presence of $Fe(CO)_5$ or $FeCl_3$ result to formation of lactones.